

Дене шынықтыру және спорт апталығының талдауы

Астрахан аудандық білім беру бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес 2025 жылдың 13 қазанынан 24 қазаны аралығында «Первомайка ауылының жалпы орта мектебі» КММ-де дене шынықтыру және спорт апталығы өткізілді.

Дене шынықтыру пәні мұғалімдері Кеншеликов Е.М., Әбеу Ж.А. және бастауыш сынып мұғалімдерімен бірлесіп, осы апталықтың өткізілу жоспары жасалды.

Апталық аясында күн сайын сыныптан тыс іс-шаралар мен бір ашық сабақ өткізілді.

Мақсаты – оқушыларды дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға тарту арқылы олардың денсаулығын нығайту.

13 қазан, дүйсенбі

Дене шынықтыру және спорт апталығының салтанатты ашылуы және жалпы мектептік таңғы жаттығу өткізілді.

Оқушылар сергектік пен көтеріңкі көңіл-күй алып, оқу күніне жақсы дайындықпен кірісті.

<https://www.instagram.com/p/DPwdsB5ARac/?igsh=MWp0d293ZGYxaXhvOA>

Сол күні сағат 18:00-де 5–8 сынып оқушылары арасында мини-футболдан жолдастық кездесу өтті.

Жарыстар қызықты әрі достық жағдайда өтті. Жеңімпаз команда марапат қағазымен марапатталды.

<https://www.instagram.com/p/DPwciKQAZvk/?igsh=NWZubWFqc3Nrc2xl>

14 қазан, сейсенбі

7–11 сынып оқушылары арасында шахмат пен тоғызқұмалақтан жолдастық кездесу ұйымдастырылды.

Іс-шара оқушылардың ойлау қабілетін, тапқырлығын, сабырлылығын және табандылығын дамытуға ықпал етті.

<https://www.instagram.com/p/DPynlgqCO3W/?igsh=MXQ0c2V6NXdwNXJsZA>

15 қазан

7–11 сыныптар арасында үстел теннисінен турнир өткізілді.

Жарыстар қызықты өтті, оқушылар көптеген жағымды эмоция алды. Жеңімпаздар медальдармен марапатталды.

<https://www.instagram.com/p/DP1UYtzCLtV/?igsh=NGJlYjNiMjkzdXZo>

16 қазан

Бастауыш сынып оқушылары арасында «Үзілістегі ұлттық ойындар» атты іс-шара өтті.

Мақсаты: ұлттық дәстүрлер мен салттарға деген құрмет пен қызығушылықты қалыптастыру; ептілік, ұйымшылдық және топтық рухты дамыту.

<https://www.instagram.com/reel/DP8ANcUCFF1/?igsh=djhqMDhleWRoZmFx>

17 қазан

Бастауыш сынып оқушылары арасында «Көңілді старттар» сайысы өткізілді.

Мақсаты:

- балалардың дене шынықтыру және спортқа қызығушылығын арттыру;
- ептілік, төзімділік, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін және командалық рухты дамыту;
- достық, өзара көмек пен салауатты бәсекелестікті тәрбиелеу.

Іс-шара жылы әрі қуанышты атмосферада өтті.

Оқушылар түрлі эстафеталарға белсенді қатысып, жылдамдық, тапқырлық және ұйымшылық көрсетті.

«Көңілді старттар» барлық қатысушылар үшін нағыз спорт пен қуаныш мерекесіне айналды!

<https://www.instagram.com/p/DP34-tzCG8z/?igsh=amVsejA3ZzQ1czF0>

21 қазан

7 «Б» сыныбының оқушыларымен дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Кеншеликов Е.М.

«Спорттық ойындардағы тактика және тактикалық іс-әрекеттер» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты – допты қабылдау және беру техникасын меңгеру, төменгі және жоғарғы доп беруді орындау, «Волейбол элементтері бар теннис» ойынын ойнау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Сабақ ұйымдастыру кезеңінен басталып, оқушылар өздері сұрақтар арқылы сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтады, оқу дескрипторларымен танысты.

Қауіпсіздік ережесі қайталанып, жаттығу өткізілді. Сабақ барысында жұптық және командалық ойындар арқылы оқушылар алған білімдерін тәжірибеде қолданды.

Сабақ соңында қорытынды және рефлексия жүргізілді.

<https://www.instagram.com/p/DQFRlfhjerd/?igsh=MWtpeGRzbDVyb3F4bQ>

22 қазан

Дене шынықтыру пәні мұғалімі Әбеу Ж.А. 5-сынып оқушылары арасында мини-футбол жарысын өткізді.

Оқушылар бірнеше топқа бөлініп, бір-бірімен сайысқа түсті. Әр команда ұйымшылық танытып, жақсы ойын көрсетті.

Жарыс қызықты және достық жағдайда өтті. Жеңімпаз команда марапат қағазымен марапатталды.

<https://www.instagram.com/p/DQVuMflgRJJa/?igsh=MXRoMnBvbDlldDZwdA>

Апталық аясында өткізілген барлық іс-шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Олар оқушылардың борыш сезімін, патриотизм мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етті.

Өткізілген іс-шаралар қорытындысы бойынша дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне ұсыныстар мен кеңестер берілді.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі:



Штейнке Л.В.